

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Электр шайнек
DEXP FK-200**

Мазмұны

Құрылғының мақсаты.....	4
Сақтық шаралары	4
Құрылғының сұлбасы	6
Пайдалану нұсқаулығы	7
Қызмет көрсету және күтім жасау	7
Қақты бейтараптандыру	8
Сақтау	8
Техникалық сипаттамалар.....	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	9
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Шәйнек тұрмыстық жағдайларда суды ысытып қайнатуға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Пайдаланбаан кезде немесе тазалағанда немесе ақаулық анықталған кезде құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Балалардың қасында шәйнек қолданған кезде абай болыңыз.
- Керекті көлемнен асыра шәйнекке су толтыра құймаңыз, өйткені ол қайнаған кезде асып төгілуі мүмкін.
- Шәйнекке тек суық су құйыңыз.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орнықтырыңыз. Қуат сымын беттің (мысалы, үстелдің) шетінде салбыратып қоймаңыз. Қуат сымының ыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқанда, оны электр сымынан емес, ашасынан тартыңыз.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуат сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс барысында қатты қызады. Сыртындағы ыстық беттеріне қол тигізбеңіз, тұтқасынан ұстаңыз. Бу қарып кетпес үшін жұмыс істеген кезде өте абай болыңыз.
- Құрылғыны ағаш бетіне қойып қолданған кезде, оның бетіне зақым келтірмеу үшін қорғаныс тірегің қою керек.
- Шәйнекті қоспас бұрын, қақпақтың жабық екеніне көз жеткізіңіз. Ешқашан суды қақпағы ашық кезде қайнатпаңыз.
- Шәйнекте су қайнап жатқанда, оның қақпағын ашуға болмайды.
- Шәйнекті ыстық сүмен жылжитқанда абай болыңыз. Шәйнекті қақпағынан емес, тек тұтқасынан ұстаңыз.
- Су құйылмаған шәйнекті қосуға болмайды.
- Электр тогының соғуына және жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны, оның сымын, ашасын суға және басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Шәйнекті тек өз платформасымен пайдаланыңыз.
- Мерттен кем жұмыс істейтін аспап жанында тез тұтанатын немесе жарылыс қаупі бар заттармен жұмыс істеу.
- Бұл құрылғыда арнайы әйнек қолданылады, бірақ біз сирек жағдайларда оның тұтастығы жұмыс кезінде бұзылуы мүмкін екеніне назар аударамыз.

- Шәйнекті пайдалану кезінде жарақат алуды болдырмау үшін суды қайнатар алдында шыны құтыны жарықтардың бар-жоғын тексеруді және бүлінген құтысы бар құрылғыны пайдаланбауды ұсынамыз. Зақымдалған құтысымен шайнекті пайдалану барысында жарақат алу қаупін тудыратынына назар аударамыз. Балаларды жұмыс істеп тұрған құрылғыдан қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған мақсаттар үшін пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Бұл құрылғы тұрмыстық және соған ұқсас жағдайларда қолдануға арналған, атап айтқанда, мысалы:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа да жұмыс орталарында қызметкерлерге арналған ас үйде;
 - клиенттер қонақ үйлерде, мотельдерде және тұруға байланысты басқа ортада.

Құрылғының сұлбасы



1. Шүмегі.
2. Корпус.
3. Қақпағы.
4. Қақпақты ашатын батырма.
5. Тұтқасы.
6. Қосу/өшіру батырмасы.
7. Тұғыры.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Алғашқы қолданар алдында шайнекке максималды деңгейге дейін су толтырып, суды қайнатыңыз. Суды төгіп тастаңыз да, сол процессті қайталаңыз.
2. Су құю немесе қосу үшін шайнекті платформадан алыңыз.
3. Шайнекке суды қажетті деңгейге дейін құйыңыз. Керекті көлемнен асыра шайнекке су толтыра құймаңыз, өйткені ол қайнаған кезде асып төгілуі мүмкін. Шайнекке су толтырған кезде су индикаторының деңгейін бақылаңыз. Шайнекке шүмегінен арқылы немесе қақпағын ашып су құйыңыз. Толтырғаннан кейін қақпақты жабыңыз, әйтпесе шайнек қайнағаннан кейін автоматты түрде өшпейді.
4. Шайнектің қызып кетуіне жол бермеу үшін 0,5 литрден аз су құймаңыз («MIN» белгісінен төмен). 1.7 л судан артық су құймаңыз («MAX» белгісінен жоғары).
5. Бұл шайнек қызып кетуден қорғайтын жүйемен жабдықталған. Егер шайнекте су болмаса немесе аз болса, ол автоматты түрде өшеді. Егер бұл орын алса, шайнекті өшіріп, оны желіден ажыратып, құрылғыны 5-10 минут суытып алу керек, содан кейін су құйып, құрылғыны қосуға болады.
6. Шайнекті тегіс, құрғақ бетке орнықтырып қойыңыз. Шайнекті тұғырына орнықтырыңыз.
7. Қуат сымын жерге қосылған розеткаға қосыңыз және қуат түймесін басу арқылы шайнекті қосыңыз.
8. Су қайнаған сәтте шайнек автоматты түрде өшіріледі. Осыдан кейін, шайнекті қайта қоспас бұрын 15-20 секунд суытып алыңыз.
9. Шайнекті өшірмей, платформадан шығармаңыз.
10. Шайнекті кез келген уақытта өшіру түймесін басу арқылы қолмен өшіруге болады.

Қызмет көрсету және күтім жасау

- Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
- Шайнектің корпусын жұмсақ, дымқыл шүберекпен немесе жөкемен сүртіңіз. Дақтарды жұмсақ сұйық жуғыш затқа малынған шүберекпен кетіріңіз. Тазартатын қырнағыш құралдарды пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны суға немесе басқа да сұйықтықтарға салуға болмайды.
- Бұйымды қақтан ұдайы тазартып отырыңыз.

Қақты бейтараптандыру

Құбыр суындағы көптеген қоспалар шәйнектің металл бөліктерінде қақтың пайда болуына әкеледі, бұл сусын мен тамақтың дәміне кері әсер етеді. Оны бейтараптандыру үшін, мынадай келесі кеңестерге жүгінуге болады:

- Шәйнекте сірке суы бар суды қайнатыңыз. Мұны істеу үшін шәйнекке 1 бөлік сірке суын және 2 бөлік су қосыңыз. Құрылғыны іске қосыңыз.
- Шәйнектегі ерітіндіні бір түнге қалдырыңыз.
- Ерітіндіні төгіп тастаңыз.
- Шәйнекті максималды деңгейге дейін таза сумен толтырыңыз және суды қайнатыңыз.
- Суын төгіп тастаңыз да,
- Шәйнекті көп мөлшерде таза сумен шайыңыз.

Сақтау

- Шәйнекті өшіріңіз де розеткадан қуаттау кабелін суырыңыз. Шәйнекті суытыңыз.
- Құрылғыны мұқият құрғатыңыз.
- Шәйнекті құрғақ салқын жерге орнықтырыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: FK-200.
- Қуаттау параметрлері: АС 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 2200 Вт.
- Көлемі: 1.7 л.
- Коорпустың материалы: шыны, металл, пластик.
- Көмескі жарық.
- Жасырын қыздыру элементі.
- Қайнаған кезде автоматты сөнугі.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында +5°C бастап +40°C дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Фрэнк Электрик Ко., Лтд.
Фэнъи тас жолы №80, Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club